




Cosmograph Daytona

Oyster, 40 мм, сары алтын

Бұл Oyster Perpetual
Cosmograph Daytona
18-караттық сары
алтын жасалған,
көгілдір және қара
циферблаты
мен Oysterflex білезігі,
тахиметрлік
межелікпен қара
Cerachrom безелімен
ерекшеленеді.



OYSTERFLEX БІЛЕЗІГІ

Өте төзімді және берік

Cosmograph Daytona моделінің Cerachrom безелі бар 18-караттық алтын нұсқалары Oysterflex білезігімен қолжетімді. Rolex дайындап жасаған және патенттеген, металл білезіктің беріктігі эластомерлік білезіктің жайлылығымен ерекше үйлеседі.

Ол әр білезік бөлігінде біреуі бар жоғары өнімділікті эластомермен жоғарыдан құйылған екі иілген икемді металл жүзден жасалған. Оңтайлы жайлылық үшін Oysterflex білезігі ішкі жағынан жастықшалармен және кездейсоқ ашылуды болдырмайтын Oysterlock қауіпсіздік түймелігімен жабдықталған. Оның




18-КАРАТТЫҚ САРЫ АЛТЫН

Кемелдікке талпыну

Өзінің ерекше жеке құю өндірісімен, Rolex-те жоғары сапалы 18-караттық алтын қорытпаларын құюдың қайталанбас мүмкіндігі бар. Күміс, мыс, платина немесе палладийдің үлес салмағын қосып, 18-караттық алтынның әр түрлі түрлері алынады: сары, қызғылт немесе ақ.

Қоспасыз металдардан алынған алтын қорытпасы компанияның ең соңғы технологиясымен жабдықталған зертханасында мұқият бақылаудан өтеді. Содан соң оның сапасына ерекше назар аудара отырып, одан қажетті бөлшектер жасалады.

Rolex бұйымының кемелдікке ұмтылысы өзінің шығу жерінен бастауын алады.



КӨГІЛДІР ЦИФЕРБЛАТ

Хронограф есептегіштерімен

Бұл модель концентрлік шеңберден тұратын есептегіштері бар көгілдір және қара циферблат, жоғары ажыратымдылықты люминесцентті материал Chromalight дисплейі бар 18-караттық алтын жағылған сағат таңбалары мен тілдерімен ерекшеленеді.

Жүргізушілер өздерінің уақытын және әрекеттерін дәл белгілей алады.



ТАХИМЕТРЛІК МЕЖЕЛІК

Жоғары өнімді хронограф

Модельді ерекшелендіретін маңызды бөлігі - сағатына 400 миль немесе шақырымға дейінгі орташа жылдамдықты өлшеуге арналған тахиметрлік межелікпен қалыпқа құйылған безель. Жоғары технологияны сәнді эстетикамен үйлестіре отырып, қара безель 1965 жылы Plexiglas безелінің қара дискімен жабдықталған моделін еске түсіреді.

Тұтас құйылған Cerachrom безелі коррозия мен сызаттардың пайда болуына төзімді аса берік керамикадан жасалған. Сонымен қатар, бұл жоғары

технологиялық материалда ультракүлгін сәулелердің әсерінен түсі өзгермейді. Безелдің ерекше төзімділігі тахиметрлік межеліктің керемет оқылуымен үйлесімді, оның таңбаламасы PVD (Physical Vapor Deposition – металл буларын конденсациялау) технологиясын қолданып платинаның аса жіңішке қабатымен толтырып жасалған. Тұтас құйылған Cerachrom безелі сағаттың суға төзімділігіне кепіл ете отырып, шынының корпусқа мықтап бекітілуін қамтамасыз етеді.

Толығырақ техникалық деректер Cosmograph Daytona

Сілтеме 126518LN

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 40 мм, сары алтын

Диаметрі

40 мм

Безель

Қалыпқа салынған тахиметрлік
межелікпен керамикада тұтас
құйылған қара Cerachrom безелі

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді
Triplock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді,
жақұтты

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа
дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық хронограф,
автоматты түрде құлағынан бұрау

Калибр

4131, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 72 сағат

Білезік

Түрі

Oysterflex

Білезік материалы

Жоғары өнімділікті эластомермен жоғарыдан құйылған икемді металл жүздер

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock ұзарту жүйесімен

Циферблат

Түрі

Көгілдір және қара

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

